

"Биоотын айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды жою туралы хабарлама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 256 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2024 жылғы 10 қаңтардағы № 7 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 қаңтарда № 33900 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Биоотын айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды жою туралы хабарлама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 256 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6988 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысанын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысаны бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, биоотын айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қаржы министрі
2024 жылғы 10 қаңтардағы
№ 7 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2011 жылғы 19 мамырдағы
№ 256 бұйрығымен
бекітілген

НЫСАН

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

20__ жылғы " __ " _____ № _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

"Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Сізге

_____ хабарлайды.

(биоотын нарығына қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі

_____ биоотын айналымы саласында жол берілген, 20__ жылғы " __ "

_____ анықталған бұзушылықтар туралы _____

_____ хабарлайды.

(бұзушылықтың мазмұны)

Заңның 22-бабына сәйкес биоотын нарығының қатысушысы, осы хабарлама табыс етілген (алынған) күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде орындауға міндетті.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы бар қосымша ____ парақта.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы (Басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)) (қолы)

Мөр орны

Хабарламаны алдым _____

(биоотын нарығына қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы, қолы, күні)

Хабарлама тапсырылды _____

(биоотын нарығына қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы, қолы, күні)

(мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы, күні)

Хабарлама биоотын нарығының қатысушысына жіберілді

Мекенжайы:

(жіберу және (немесе) алу фактісі туралы растайтын құжат)